

«Психология және менеджмент инновациялық
академиясы» ЖШС

ЖОБА

«Қазіргі қазақ тілі және әдебиет: жаңартылған мазмұн
мен әдістемелік тәсілдер»

жалпы білім беру ұйымдарының педагогтері
үшін біліктілікті арттыру курсы


БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

**Academy**

Астана, 2025

МАЗМҰНЫ

1 бөлім	Жалпы ережелер	3
2 бөлім	Глоссарий	3
3 бөлім	Бағдарлама тақырыбы	4
4 бөлім	Бағдарламаның мақсаттары, міндеттері және күтілетін нәтижелер	6
5 бөлім	Бағдарлама құрылымы мен мазмұны	7
6 бөлім	Оқу процесін ұйымдастыру	11
7 бөлім	Бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі	12
8 бөлім	Оқыту нәтижелерін бағалау	13
9 бөлім	Курстан кейінгі сүйемелдеу	14
10 бөлім	Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі	15
1-қосымша	Қорытынды жұмыстарды бағалаудың критерилері	12



1 бөлім. Жалпы ережелер

Педагогтердің біліктілігін арттыруға арналған «Қазіргі қазақ тілі және әдебиет: жаңартылған мазмұн мен әдістемелік тәсілдер» атты курстың білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) келесі бағыттарды айқындайды: мақсатты, міндеттерді, күтілетін оқу нәтижелерін, курстың құрылымы мен мазмұнын, ұйымдастыру ерекшеліктерін, оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуін, тыңдаушылардың білім, білік және дағдыларын бақылау мен бағалау рәсімдерін.

Қазіргі білім беру жүйесіндегі басты басымдықтардың бірі – оқыту мазмұнын жаңарту және оқытуда заманауи әдістемелік тәсілдерді тиімді қолдану. Осы тұрғыдан алғанда, «Қазіргі қазақ тілі және әдебиет: жаңартылған мазмұн мен әдістемелік тәсілдер» бағдарламасы – қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда коммуникативтік, тұлғалық-бағдарлы, құзыреттілік және әрекетшіл тәсілдерді біріктіре отырып, оқу үдерісін жаңа деңгейге көтеруге бағытталған өзекті курс.

Бағдарламаның басты өзектілігі – қазіргі әлемдік білім беру кеңістігімен үндесе отырып, ұлттық болмысқа негізделген ана тілімізді терең меңгерту, тілдік тұлға қалыптастыру және оқушылардың әдеби дүниетанымын кеңейту. Бұл бағдарлама Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы, «Қазақстан – 2050» стратегиясы, Білім беруді дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, сондай-ақ Орта білім мазмұнын жаңарту аясындағы талаптармен тығыз байланыста құрылған.

Әлемдік трендтерге сәйкес, білім алушылардың сын тұрғысынан ойлау, функционалдық сауаттылық, креативтілік, коммуникативтік дағдыларын дамыту – бағдарламаның негізгі арқауы болып табылады. Сонымен қатар, цифрлық сауаттылық пен заманауи оқыту технологияларын сабақта пайдалану, оқушының жеке қажеттілігіне бейімделу, білім беру процесін саралау сияқты тәсілдер де басты назарда ұсталады.

Бағдарламада қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мазмұны білім алушылардың жас ерекшелігі мен танымдық қабілеттеріне сәйкес жүйеленіп, тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылым дағдыларын кешенді түрде қалыптастыруға бағытталған.

Қорыта айтқанда, бұл бағдарлама – заманауи талаптарға сай білікті қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімінің кәсіби деңгейін арттыруға, пәннің мазмұнын жаңаша түсінуге және оны оқытуда тиімді әдістемелік амалдарды қолдануға жол ашады.

2 бөлім. Глоссарий

Әдістемелік жоба – белгілі бір оқу проблемасын шешуге бағытталған зерттеу және тәжірибелік жұмыс.

Визуалды мәтін – сурет, инфографика, диаграмма, бейне сияқты көзбен

шолу арқылы ақпарат беретін құрал.

Жаңартылған білім мазмұны – оқушының функционалдық сауаттылығын дамытуға, өмірлік дағдыларын қалыптастыруға бағытталған білім беру жүйесі.

Коучинг – мұғалімдерге кәсіби қолдау көрсету мақсатында ұйымдастырылатын бағытталған дамыту әдісі.

Критериалды бағалау – алдын ала белгіленген нақты критерийлер негізінде оқушы жетістігін әділ бағалау жүйесі.

Қатысымдық дағды – тілдік әрекеттің төрт түрін (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) дамыту арқылы тілде еркін сөйлесуді меңгеру.

Қысқа мерзімді жоспар – бір немесе бірнеше сабаққа арналған нақты оқу мақсаттары мен тапсырмаларды қамтитын жоспар.

Метатанымдық дағды – оқушының өз оқу әрекетін жоспарлап, қадағалап, бағалау қабілеті.

Оқу мақсаттары (ОҚМ) – пән бойынша күтілетін білім, білік, дағды нәтижелерін нақты көрсететін құрылымдалған жүйе.

Портфолио – мұғалімнің кәсіби жетістіктерін, шығармашылық жұмысын, дамуын жинақтайтын құжаттар жиынтығы.

Рефлексия – мұғалімнің өз тәжірибесіне сын көзбен қарап, оны жетілдіру жолдарын анықтауы.

Саралау – оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқыту мен тапсырмаларды бейімдеу тәсілі.

Ұзақ мерзімді жоспар – оқу жылы бойындағы тақырыптар мен мақсаттарды қамтитын жоспарлау түрі.

Цифрлық платформа – білім беруге арналған интерактивті веб-құрал немесе онлайн жүйе (мысалы, Google Forms, Kahoot).

Шеберлік сағаты – тәжірибелі мұғалімнің өз әдіс-тәсілдерін әріптестерімен бөлісетін тәжірибелік сабақ түрі.

3 бөлім. Бағдарламаның тақырыбы

«Қазіргі қазақ тілі және әдебиет: жаңартылған мазмұн мен әдістемелік тәсілдер» бағдарламасы – қазіргі білім беру талаптарына толық жауап беретін, оқыту мазмұнын, әдісін, тәсілін жаңартуға бағытталған заманауи курс. Бұл бағдарлама жаңартылған білім беру мазмұнына негізделіп, оқыту үдерісіне тиімді педагогикалық технологиялар мен әдістемелерді енгізуге арналған.

Жаңашылдығы – тіл мен әдебиетті оқытуда тек мазмұндық өзгерістермен шектелмей, сонымен қатар мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін дамытуға, шығармашылық қабілетін арттыруға мүмкіндік беруінде.

Бағдарлама коммуникативтік, тұлғалық-бағдарлы, құзыреттілік және рефлексиялық тәсілдерді үйлестіре отырып, қазақ тілі мен әдебиетін интеграцияланған түрде оқытуға негізделген. Мұнда тілдік дағдыларды (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) бір-бірімен байланыстыра дамыту

жолдары мен мәтінмен жұмыс жасаудың жаңа үлгілері қарастырылған. Бұл – дәстүрлі әдістерді жаңаша пайымдап, білім алушының белсенді әрекетіне негізделген тиімді әдістемелік құрал.

Бағдарламаның аналогтары білім беру жүйесінде шектеулі түрде ғана кездеседі. Әдетте пән мұғалімдеріне арналған біліктілікті арттыру курстары тек бір салаға – тілге немесе әдебиетке бағытталып, әдістемелік жағынан мазмұны шектеулі болады. Ал бұл бағдарлама тіл мен әдебиетті бірлікте қарастырып, мазмұн мен әдістеменің үйлесімділігін қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, мұғалімнің кәсіби шеберлігін дамытуда практикалық тапсырмалар мен авторлық сабақ үлгілерін құрастыру жұмыстары ұсынылып, тәжірибеге бағытталған нақты қолдау көрсетіледі.

Халықаралық аналогтар:

1. Финляндия, Сингапур, Оңтүстік Корея елдерінің тілдік пәндерге арналған әдістемелік курстары – функционалдық сауаттылықты арттыруға, жобалық және зерттеушілік әдістерге негізделген. Бірақ оларда қазақ тілі мен әдебиеттің ұлттық ерекшелігі ескерілмейді.

2. Cambridge professional development бағдарламалары – мұғалімнің педагогикалық рефлексиясы мен заманауи тәсілдерге көңіл бөледі, дегенмен олар отандық оқу бағдарламасымен тікелей байланыспайды.

Жалпы алғанда, бұл бағдарлама – қазіргі педагогтің жаңа форматтағы сұранысына жауап беретін, мазмұны жаңартылған, құрылымы заманауи және әдістемесі тиімді оқу бағдарламасы ретінде ерекшеленеді.

Бағдарламаның тақырыптық оқу жоспары

№	Сабақтың тақырыбы	Теориялық сабақтар	Практикалық жұмыс	Өзіндік жұмыс	Барлығы
1	2	3	4	5	6
Модуль 1. Жаңартылған білім беру мазмұнының негіздері					
1.1	Жаңартылған білім мазмұны: концепциясы, құрылымы, ерекшеліктері	2	2	2	6
1.2	Қазақ тілі мен әдебиет пәндерінің ОҚМ мен критериалды бағалау жүйесі	2	2	2	6
1.3	Орта, қысқа және ұзақ мерзімді жоспарлау ерекшеліктері	2	2	2	6
Барлығы:		18			
Модуль 2. Қазіргі әдістемелік тәсілдер және тиімді оқыту стратегиялары					

2.1	Қатысымдық тіл дамыту тәсілдері: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым	2	2	2	6
2.2	Әдеби шығармамен жұмыс: көркем мәтінді талдау мен интерпретациялау	2	2	2	6
2.3	Саралау, дербестік, метатанымдық дағдыларды дамыту әдістері	2	2	2	6
Барлығы:		18			
Модуль 3. Цифрлық және креативті құралдарды қолдану					
3.1	Цифрлық платформалар (Google Forms, Quizizz, Kahoot) арқылы білімді тексеру	2	4	2	8
3.2	Көрнекі құралдар мен визуалды мәтіндермен жұмыс (Canva, Padlet)	2	4	2	8
3.3	Онлайн ресурстар мен ашық білім беру платформаларын пайдалану	2	2	2	6
Барлығы:		22			
Модуль 4. Мұғалімнің кәсіби рефлексиясы және тәжірибені жинақтау					
4.1	Сабаққа рефлексия жасау және оқыту үдерісін талдау	2	2	2	6
4.2	Мұғалім портфолиосын жүргізу және кәсіби дамуды жоспарлау	2	2	2	6
4.3	Тәжірибе тарату: коучинг, шеберлік сағаттары, әдістемелік жобалар	2	2	2	6
4.4	Қорытынды тестілеу. Жобаларды қорғау	-	4	-	4
Барлығы:		22			
Қорытынды:		80			

4 бөлім. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері

Бағдарламаның мақсаты: қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін арттыра отырып, жаңартылған білім беру мазмұны негізінде тиімді әдістемелік тәсілдерді меңгерту, тілді функционалдық, әдебиетті шығармашылық тұрғыдан меңгерудің жолдарын көрсету.

Бағдарламаның міндеттері:

1. Қазақ тілі мен әдебиет пәнінің жаңартылған оқу бағдарламасымен мұғалімдерді терең таныстыру;
2. оқу мақсаттарына сәйкес қысқа, орта, ұзақ мерзімді жоспарларды құрастыру машығын қалыптастыру;
3. коммуникативтік, мәтіндік, зерттеушілік әдістерді меңгерту арқылы сабақты түрлендіру жолдарын үйрету;
4. әдеби шығармаларды интерпретациялау, оқушының әдеби-

шығармашылық қабілетін дамытуға арналған әдістерді көрсету;

5. критериалды бағалау жүйесін тиімді қолдану дағдыларын қалыптастыру.

Күтілетін нәтижелер:

Бағдарлама соңында тыңдаушылар:

- қазақ тілі мен әдебиетті оқытудың заманауи тәсілдерін меңгеріп, оларды тәжірибеде еркін қолдана алады;
- оқу мақсаттарын тиімді жоспарлап, оқу процесіне саралау, бағалау және рефлексияны дұрыс ендіре алады;
- оқушылардың тілдік, әдеби және коммуникативтік құзыреттерін дамыту үшін жаңа әдістемелік тәсілдерді қолданады;
- оқу үдерісін тиімді ұйымдастыра отырып, оқушылардың шығармашылық ойлауын қалыптастыруға ықпал етеді;
- білім сапасын арттыруға бағытталған авторлық әдістемелік өнімдер (тапсырмалар, жобалар, сабақ үлгілері) әзірлей алады.

5 бөлім. Бағдарлама құрылымы мен мазмұны

Тыңдаушыда белгіленген мақсат пен міндеттерге сәйкес келетін кәсіби білімді, дағдыларды қалыптастыру үшін бағдарламаның мазмұны 4 модульді меңгеруді көздейді:

Модуль 1. Жаңартылған білім беру мазмұнының негіздері

Мақсаты: мұғалімдерге жаңартылған білім беру мазмұнының теориялық негіздерін, құрылымын, оқу мақсаттары мен критериалды бағалау жүйесін меңгерту, жоспарлаудың түрлерін тиімді ұйымдастыруға үйрету.

Міндеттері:

- Жаңартылған білім беру мазмұнының концепциясы мен құрылымын талдау;
- Қазақ тілі мен әдебиет пәні бойынша оқу мақсаттары мен бағалау жүйесін түсіндіру;
- Орта, қысқа және ұзақ мерзімді жоспарларды құрастырудың тиімді жолдарын меңгерту.

Күтілетін нәтижелер:

- Мұғалім жаңартылған мазмұнның негізгі ерекшеліктерін түсінеді;
- Оқу мақсаттарын жүйелі қолданады;
- Жоспарлаудың барлық деңгейін құрастырып, сабақ мазмұнын тиімді ұйымдастырады;
- Критериалды бағалау жүйесін оқу процесінде қолдана алады.

Тақырып 1.1. Жаңартылған білім мазмұны: концепциясы, құрылымы, ерекшеліктері

Бұл тақырыпта мұғалім білім беру мазмұнын жаңарту қажеттілігі, негізгі құндылықтар, құзыреттілікке негізделген оқытудың мәнін түсінеді.

Тақырып 1.2. Қазақ тілі мен әдебиет пәндерінің ОҚМ мен критериалды бағалау жүйесі

Мұғалімдер оқу бағдарламасындағы оқу мақсаттары мен дескрипторлар құрылымымен танысады. Критериалды бағалау (БЖБ, ТЖБ, қалыптастырушы бағалау) жүйесін меңгереді.

Тақырып 1.3. Орта, қысқа және ұзақ мерзімді жоспарлау ерекшеліктері

Бұл тақырыпта жоспар түрлерінің байланысы, мақсат пен тапсырмалардың сәйкестігі, сабақтың логикалық құрылымын жасау қарастырылады.

Тәжірибелік жұмыстар:

- Тақырыптық ұзақ мерзімді жоспардан оқу мақсатын тандап, қысқа мерзімді сабақ жоспарын құрастыру;
- Бағалау критерийі мен дескрипторларды жасау;
- БЖБ үлгісін әзірлеу.

Өзіндік жұмыстар:

- Жаңартылған мазмұн бойынша теориялық әдебиеттерге шолу жасау;
- Өз пәні бойынша оқу бағдарламасын талдау;
- Қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырмалар топтамасын дайындау.

Модуль 2. Қазіргі әдістемелік тәсілдер және тиімді оқыту стратегиялары

Мақсаты: Қазақ тілі мен әдебиет сабақтарында қатысымдық дағдыларды дамытуға, әдеби мәтінді терең түсінуге және оқушының жеке ерекшеліктеріне сай оқытуды ұйымдастыруға бағытталған тиімді әдістер мен стратегияларды меңгерту.

Міндеттері:

- Тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылымды байланыстыра оқыту тәсілдерін қолдануды үйрету;
- Көркем мәтінді талдау, интерпретациялау әдістерін таныстыру;
- Саралау, дербестендіру, метатанымдық дағдыларды қалыптастыру жолдарын ұсыну.

Күтілетін нәтижелер:

- Қатысымдық дағдыларды дамытуда түрлі әдістерді тиімді қолдана алады;
- Әдеби шығармалармен жұмыста оқушылардың сыни, шығармашылық ойлауын дамытады;

- Саралау мен метатанымға бағытталған оқытуды жоспарлап, жүзеге асырады.

Тақырып 2.1. Қатысымдық тіл дамыту тәсілдері: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым

Тыңдалым мен оқылым арқылы ақпаратты қабылдау, айтылым мен жазылым арқылы ойын жеткізу дағдыларын дамытудың жолдары ұсынылады. Интерактивті, жұптық, топтық әдістер қамтылады.

Тақырып 2.2. Әдеби шығармамен жұмыс: көркем мәтінді талдау мен интерпретациялау

Шығарманың мазмұнын, идеялық-эстетикалық мәнін аша білуге үйретеді. Әдеби кейіпкерлерге баға беру, мәтінді өзінше түсіндіру дағдыларын дамытады.

Тақырып 2.3. Саралау, дербестік, метатанымдық дағдыларды дамыту әдістері

Оқушылардың деңгейін ескере отырып, тапсырмаларды саралау, дербес жұмысқа бағыттау және өз оқуын қадағалай алу дағдысын дамыту жолдары қарастырылады.

Тәжірибелік жұмыстар:

- Тыңдалым-айтылым, оқылым-жазылымды біріктірген сабақ тапсырмасын құрастыру;
- Көркем мәтін бойынша әдеби кейіпкердің портретін талдау тапсырмасын әзірлеу;
- Саралау стратегияларын қолданып, оқушыға бейімделген тапсырмалар топтамасын жасау.

Өзіндік жұмыстар:

- Қатысымдық бағыттағы әдістерді сипаттайтын шағын эссе жазу;
- Интерпретациялық сұрақтармен әдеби мәтінге талдау жасау;
- Өз сыныбына арналған сараланған тапсырма үлгілерін дайындау.

Модуль 3. Цифрлық және креативті құралдарды қолдану

Мақсаты: Қазақ тілі мен әдебиет сабақтарында цифрлық және визуалды құралдарды тиімді пайдалану арқылы оқушылардың танымдық белсенділігі мен оқу мотивациясын арттыру, шығармашылық қабілетін дамыту.

Міндеттері:

- Білімді тексеруге арналған заманауи цифрлық платформаларды қолдануды үйрету;
- Визуалды мәтіндермен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру;
- Онлайн ресурстар мен ашық білім беру платформаларын оқу процесіне кіріктіру тәсілдерін меңгерту.

Күтілетін нәтижелер:

- Қатысымдық дағдыларды цифрлық құралдар арқылы тиімді дамытады;

- Визуалды және интерактивті материалдар дайындап, қолдана алады;
- Қашықтықтан және аралас форматта оқытуды ұйымдастыруда икемділік танытады.

Тақырып 3.1. Цифрлық платформалар (Google Forms, Quizizz, Kahoot) арқылы білімді тексеру

Онлайн бағалау құралдары арқылы оқушылардың білім деңгейін жедел тексеру әдістері үйретіледі. Тест, викторина, сауалнама түрлері қарастырылады.

Тақырып 3.2. Көрнекі құралдар мен визуалды мәтіндермен жұмыс (Canva, Padlet)

Инфографика, постер, слайд жасау арқылы тіл және әдебиет материалын көрнекілеу жолдары түсіндіріледі.

Тақырып 3.3. Онлайн ресурстар мен ашық білім беру платформаларын пайдалану

Bilimland, YouTube Edu, Moodle сияқты платформалармен жұмыс, ашық онлайн курстар мен видеоматериалдарды сабаққа енгізу жолдары қарастырылады.

Тәжірибелік жұмыстар:

- Quizizz немесе Google Forms платформасында бағалау тапсырмасын құру;
- Canva көмегімен әдеби шығарма бойынша визуалды постер әзірлеу;
- Bilimland платформасындағы видеосабаққа негізделген қысқа сабақ жоспарын жасау.

Өзіндік жұмыстар:

- Kahoot арқылы оқушыларға арналған 10 сұрақтық интерактивті викторина жасау;
- Padlet-те тақырыптық қабырға ұйымдастыру;
- Ашық онлайн курс немесе платформа таңдап, бір сабаққа бейімдеу және талдау.

Модуль 4. Мұғалімнің кәсіби рефлексиясы және тәжірибені жинақтау

Мақсаты: педагогтің кәсіби дамуын қамтамасыз ету мақсатында оқыту тәжірибесіне рефлексия жасау, мұғалім портфолиосын қалыптастыру және озық тәжірибені тарату жолдарын меңгерту.

Міндеттері:

- Сабақтарды талдау және өзін-өзі бағалау дағдыларын дамыту;
- Педагогтің кәсіби даму мақсаттарын айқындау және жүйелі жоспарлау;
- Әдістемелік тәжірибені тарату формаларын үйрету (коучинг, шеберлік сағат, жоба қорғау және т.б.).

Күтілетін нәтижелер:

- Мұғалім өзінің сабақтарын талдап, рефлексия жүргізе алады;
- Портфолио дайындап, кәсіби даму жоспарын жасайды;

- Өз тәжірибесін ұжыммен бөлісіп, кәсіби қауымдастыққа белсенді қатысады.

Тақырып 4.1. Сабаққа рефлексия жасау және оқыту үдерісін талдау

Сабақтың тиімділігіне сыни көзқараспен қарап, педагогикалық шешімдерді бағалау, оқушы жетістіктерін талдау тәсілдері ұсынылады.

Тақырып 4.2. Мұғалім портфолиосын жүргізу және кәсіби дамуды жоспарлау

Мұғалім жетістіктері мен кәсіби қызмет нәтижелерін жүйелеу жолдары, өзін-өзі дамыту жоспарын құру әдістері үйретіледі.

Тақырып 4.3. Тәжірибе тарату: коучинг, шеберлік сағаттары, әдістемелік жобалар

Мұғалімдердің озық тәжірибесін әріптестеріне тарату, әдістемелік іс-шаралар ұйымдастыру тәсілдері қарастырылады.

Тәжірибелік жұмыстар:

- Сабақтан кейін рефлексиялық күнделік толтыру;
- Портфолиоға арналған жеке құжаттар (мақала, сертификат, фотоесеп) жинақтау;
- Шеберлік сағат жоспарын немесе коучинг-сессия құрылымын дайындау.

Өзіндік жұмыстар:

- «Менің кәсіби даму траекториям» тақырыбында жазбаша эссе жазу;
- Әдістемелік блог немесе презентация жасау;
- Кәсіби іс-әрекетке өзіндік SWOT-талдау жүргізу.

6 бөлім. Оқу процесін ұйымдастыру

«Қазіргі қазақ тілі және әдебиет: жаңартылған мазмұн мен әдістемелік тәсілдер» бағдарламасы бойынша оқу процесі заманауи педагогикалық тәсілдерге негізделіп, тыңдаушылардың кәсіби құзыреттілігін арттыруға бағытталған. Оқу форматы аралас (офлайн және онлайн) немесе толық онлайн түрде ұйымдастырылуы мүмкін. Бұл формат икемділікті қамтамасыз етіп, мұғалімдерге кәсіби дамуына ыңғайлы жағдай жасайды.

Бағдарламаның жалпы оқу жүктемесі – 80 академиялық сағат, оның ішінде:

- Теориялық сабақтар – 24 сағат
- Практикалық жұмыстар – 28 сағат
- Өзіндік жұмыстар – 24 сағат
- Қорытынды тестілеу – 4 сағат

Оқыту нысандары:

– Топтық және жұптық жұмыс, жобалық әдіс, тренингтер, кейс-талдау,

шеберлік сабақтары арқылы тыңдаушылардың белсенді қатысуы қамтамасыз етіледі.

– Дәрістер мен практикалық сабақтар өзара байланысты, теориялық білім мен тәжірибелік дағдыны ұштастыруды көздейді.

– Онлайн ресурстар (Google Classroom, Zoom, Padlet, Quizizz) арқылы оқу материалдары мен тапсырмалар қолжетімді етіледі.

Оқу процесінің басты ерекшелігі – нақты тәжірибеге бағытталуы, яғни тыңдаушылар алған білімін өз жұмысында бірден қолдана алады. Сонымен қатар, оқу үдерісінде кері байланыс, рефлексия, тәжірибе алмасу тұрақты жүргізіледі.

Оқыту тілі: қазақ, орыс.

7 бөлім. Бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі

«Қазіргі қазақ тілі және әдебиет: жаңартылған мазмұн мен әдістемелік тәсілдер» бағдарламасын тиімді жүзеге асыру үшін жүйелі оқу-әдістемелік қамтамасыз ету маңызды рөл атқарады. Бағдарлама **дидактикалық** негізге сүйене отырып, мұғалімдердің кәсіби даму қажеттіліктерін ескере отырып құрастырылған. Оқу үдерісі білім алушылардың қажетті дағдыларды меңгеруін, шығармашылық қабілеттерін дамытуын және функционалдық сауаттылығын арттыруды көздейді.

Бағдарламада білім берудің белсенді әдіс-тәсілдері – қатысымдық тәсіл, сын тұрғысынан ойлау, топтық және жобалық жұмыс, оқыту үшін бағалау, дискуссия және пікірталас, кейстік тапсырмалар, рефлексия әдістері қолдануға басымдық беріледі. Бұл тәсілдер оқушылардың тілдік дағдыларын кешенді дамытуға, мәтінді түсіну мен қолдану шеберлігін арттыруға мүмкіндік береді.

Әдістемелік қолдауда келесі компоненттер қамтылған:

– Жаңартылған мазмұндағы оқу жоспарлары мен күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар үлгілері.

– Орта, қысқа және ұзақ мерзімді жоспарлау ерекшеліктеріне сай тапсырмалар банкі.

– Критериалды бағалау жүйесі бойынша дескрипторлар мен бағалау құралдары.

– Мәтінмен жұмыс істеуге арналған дифференциацияланған тапсырмалар.

– Цифрлық ресурстар мен визуалды қолдау құралдары (Padlet, Canva, Kahoot, Quizizz).

Бағдарламаны жүзеге асыруда оқушы мен мұғалімнің арасындағы кері байланысты орнату, рефлексия жасау және үздіксіз кәсіби өсуге бағытталған іс-әрекет стратегиялары басты назарда ұсталады. Осындай әдістемелік көзқарас мұғалімдердің оқыту сапасын арттыруға және нәтижеге бағдарланған білім беруді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

8 бөлім. Оқу нәтижелерін бағалау

«Қазіргі қазақ тілі және әдебиет: жаңартылған мазмұн мен әдістемелік тәсілдер» бағдарламасы аясында оқыту нәтижелерін бағалау – оқу үдерісінің ажырамас бөлігі. Бағалау оқушылардың тілдік және әдеби білім-білік деңгейін, құзыреттілігін, жеке даму траекториясын анықтауға мүмкіндік береді. Бағалау тек білімді тексеру құралы емес, сонымен қатар оқушының өсуіне бағытталған, оқу мотивациясын арттыратын және кері байланыс беруге жағдай жасайтын үдеріс ретінде қарастырылады.

Бағдарламада критериалды бағалау жүйесі қолданылады. Бұл жүйе нақты, түсінікті, алдын ала белгілі критерийлерге сүйене отырып, оқушылардың оқу жетістіктерін әділ әрі ашық бағалауға мүмкіндік береді. Оқу мақсаттарына негізделген бағалау тапсырмалары арқылы оқушылардың тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым дағдылары кешенді түрде бағаланады.

Бағалау әдістеріне мыналар жатады:

- Қалыптастырушы бағалау (ҚБ) – күнделікті сабақта оқушының оқу барысын бақылау, дер кезінде кері байланыс беру арқылы білімін жетілдіру.
- Жиынтық бағалау (ЖБ) – белгілі бір оқу кезеңі соңында (тоқсан, бөлім) оқу мақсаттарына қаншалықты қол жеткізгенін анықтайды.
- Өзін-өзі бағалау және бірін-бірі бағалау – оқушының оқу үдерісіне белсенді қатысуын, жауапкершілігін арттырады.

Бағалау құралдарына дескрипторлармен қамтамасыз етілген тапсырмалар, рубрикалар, бақылау парақтары, рефлексия парақтары кіреді. Әдеби шығармаларды талдау, мәтінге пікір жазу, постер қорғау, эссе жазу сияқты тапсырмалар арқылы жоғары деңгейлі ойлау дағдылары бағаланады.

Қазақ тілі мен әдебиет пәнінің ерекшелігі – оқушының ойлау мәдениетін, тілдік қатысым қабілетін дамыту. Сол себепті бағалау да тілдік дағдылардың жан-жақты көрінуін қамтамасыз ететін тиімді әдістермен жүргізілуі тиіс. Бұл тәсіл мұғалімге де, оқушыға да оқу сапасын арттыруда нақты бағыт береді.

Нәтижелерді бағалау және құзыреттілік деңгейі:

Қорытынды бағалау пайыздық шкала бойынша жүргізіледі, онда әрбір құрамдас бөлік (теориялық білімдер, практикалық тапсырмалар, жобалық жұмыстар) жалпы бағада белгілі бір салмаққа ие болады. Ұсынылатын шкала:

- 90–100% — Өте жақсы (барлық талаптарға сай келеді, шығармашылық және техникалық дағдылар жоғары деңгейде көрсетілген).
- 70–89% — Жақсы (негізгі талаптарға сай келеді, бірақ кейбір аспектілерде жетілдіру қажет).
- 50–69% — Қанағаттанарлық (тапсырмаларды орындаудың сапасын жақсарту үшін қосымша жұмыс қажет болады).
- 50%-дан төмен — Қанағаттанарлықсыз (бағдарламаны орындау деңгейі төмен, қайта даярлау қажет).

Білімді қайта бағалау мүмкіндіктері

Егер мұғалім материалды меңгере алмаса немесе күтілетін нәтижелерге

жетпесе, бағдарлама келесі қолдау және түзету шараларын ұсынады:

- Қосымша кеңестер — қиын тақырыптарды түсіндіру және материалды меңгеруге көмек көрсету үшін менторлармен жеке сессиялар ұйымдастыру.

- Тапсырмаларды қайта орындау — тесттерді қайта тапсыру және практикалық жұмыстарды кері байланысқа сәйкес қайта қарау мүмкіндігі.

- Қосымша ресурстарға қол жеткізу — тереңірек оқу үшін қосымша оқу материалдары мен онлайн курстарға қолжетімділік беру.

- Топтық сессиялар мен талқылаулар — тәжірибе алмасу және туындаған қиындықтарды бірге шешу үшін қосымша семинарлар мен талқылауларға қатысу.

- Жеке оқу жоспарлары — әрбір қатысушының ерекше қажеттіліктері мен оқу қарқынын ескере отырып, жеке оқу траекторияларын әзірлеу.

Осылайша, бағдарлама мұғалімдердің білім деңгейін көтеруге бағытталған жан-жақты қолдау мен әдістемелік көмек ұсынады.

9 бөлім. Курстан кейінгі қолдау

«Қазіргі қазақ тілі және әдебиет: жаңартылған мазмұн мен әдістемелік тәсілдер» бағдарламасы аясында мұғалімдердің кәсіби дамуын үздіксіз қолдау – сапалы білім беру жүйесінің негізгі талаптарының бірі. Курстан кейінгі қолдау мұғалімнің алған білімін тәжірибеде тиімді қолдануына жағдай жасап, педагогикалық шеберлікті жетілдіруге бағытталады.

Курстан кейінгі қолдаудың мақсаты – курс барысында меңгерілген әдістемелік, мазмұндық және технологиялық білімдер мен дағдыларды тәжірибеде бекітуге, әдістемелік көмек көрсетуге және кәсіби қауымдастық арқылы өзара тәжірибе алмасуға ықпал ету.

Қолдау формалары мен нысандары:

- Әдістемелік вебинарлар мен онлайн кеңестер – пән мұғалімдерінің өзекті сұрақтарына жауап беріп, нақты практикалық көмек көрсету.

- Серіктестік желілер және кәсіби қауымдастықтар – мұғалімдердің өзара ынтымақтастығын арттырып, тәжірибе бөлісуге мүмкіндік береді.

- Коучинг және менторлық қолдау – тәжірибелі педагогтар жаңадан енгізілген әдістемелер бойынша қолдау көрсетіп, педагогикалық практиканы жетілдіруге бағыт береді.

- Портфолио мен кәсіби даму жоспарын жүргізу – мұғалім өз даму бағытын жүйелі түрде жоспарлап, нәтижесін саралай алады.

- Әдістемелік платформада ресурстармен қамтамасыз ету – тапсырма үлгілері, сабақ жоспарлары, бағалау критерийлері ұсынылады.

Қолданылатын әдістер:

- рефлексия және өзара талдау;

- кәсіби сұхбаттар мен пікірталастар;

- қашықтан кері байланыс және бейнекеңестер;

- онлайн байқаулар, шығармашылық жобаларға тарту.

Бұл қолдау жүйесі мұғалімдердің кәсіби тұрақтылығын қамтамасыз етіп қана қоймай, оқыту сапасын арттыруға, жаңартылған білім мазмұнын тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Тындаушыларды курстан кейінгі сүйемелдеу қашықтықтан консультация беру түрінде (электрондық пошта, ұялы байланыс, әлеуметтік желілерде) біліктілікті арттыру курстары аяқталғаннан кейін үш жыл ішінде жүзеге асырылады.

Сондай-ақ, келесі нысандарда жүзеге асырылады:

1) орталықтың іс-шараларына қатысуға тарту-әртүрлі деңгейдегі семинарлар, вебинарлар, тренингтер, конкурстар өткізу;

2) оқу-әдістемелік материалды интернет платформада орналастыру <https://ipmacademy.kz/>

10 бөлім. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі

Негізгі әдебиеттер:

1. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы.

Бұл заң білім беру саласындағы жалпы құқықтық негізді анықтайды, соның ішінде қазақ тілін оқыту мен тілдік саясатты қолдауға бағытталған талаптар қамтылған.

2. «Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011 - 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы» Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 29 қазандағы № 1128 Қаулысы

Мемлекеттік тілдің дамуы мен қолданылуын қамтамасыз ету шараларын белгілейді.

3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 5 тамызда № 29031 болып тіркелді.

4. Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 2 шілдедегі № 401 қаулысы.

Мемлекеттік тілдің қолданысын кеңейту мақсатында оқытудың инновациялық әдістерін қолдануды қолдайды.

5. «Оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендері мен оқу-әдістемелік құралдарын әзірлеу, оларға сараптама, сынақ өткізу және мониторинг жүргізу, оларды басып шығару жөніндегі жұмысты ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 24 шілдедегі № 344 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2021 жылғы 13 шілдеде №

338 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 15 шілдеде № 23539 болып тіркелді.

Негізгі әдебиеттер:

1. Қазақ тілі. Жалпы білім беретін мектептің 5–11-сыныптарына арналған оқу бағдарламасы. – НЗМ, 2020.
2. Әдебиет. Жалпы білім беретін мектептің 5–11-сыныптарына арналған оқу бағдарламасы. – НЗМ, 2020.
3. Ысқақ Б. Қазақ тілін оқытудың инновациялық әдістері. – Алматы: Қазақ университеті, 2021.
4. Жоламан Қ. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі. – Астана: Фолиант, 2022.
5. Оразбаева Ф. Қарым-қатынас лингвистикасы және коммуникативтік әдіс. – Алматы: Ғылым, 2020.
6. Тұрғанбаева Б.А. Дамыта оқыту технологиясы. – Алматы: 2021.
7. Сарыбай Қ.Ж. Қазіргі қазақ тілі: морфология және синтаксис. – Алматы: 2023.
8. Нұрахметова Н. Қ. Жаңартылған бағдарлама бойынша қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы: 2021.
9. Сәтбаева Ш. Қазақ тілі сабақтарында тілдік дағдыларды қалыптастыру. – Астана: 2022.
10. Тіл және әдебиет журналы. – ҚР БҒМ, 2020–2024 жж. (пәндік мақалалар жинағы).

Қосымша әдебиеттер:

11. Игенбаева Б. Жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында оқытудың тиімді әдістері. – Астана: 2021.
12. Құсайынова М. Қазақ тіліндегі оқылым мен тыңдалым дағдылары. – Алматы: 2022.
13. Оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесі. – НЗМ ДББҰ, 2020.
14. Мұғалімге арналған нұсқаулық. 5–11-сыныптар. – Астана: 2020.
15. Ахметова А. Көркем мәтін және әдеби талдау. – Шымкент: 2023.
16. «Қазақ тілі мен әдебиеті» әдістемелік журналы. – 2019–2024 жж.
17. Назарбаев Зияткерлік мектептері. Әдістемелік жинақтар сериясы. – НЗМ, 2020–2023.
18. Білім берудегі заманауи әдістер. – ҚР ОӘО, 2022.
19. Қазақ тілін оқытудағы цифрлық ресурстар (электронды нұсқаулық). – Алматы: 2023.
20. Қазақ әдебиеті пәнін оқытудың заманауи үлгілері. – Астана: 2024.

